



«Қарағанды облыстық
футбол ассоциациясы» ЗТБ
2014 жылдың 17 ақпандасы
кезектен тыс Конференция
хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

**«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
ФУТБОЛ АССОЦИАЦИЯСЫ»
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Қарағанды 2014 жыл

Осы Жарғыда қолданылатын негізгі түсініктер:

1. **Ассоциация** «Қарағанды облыстық футбол ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі. Қарағанды облысының аумағында футбол қызметін бақылап, жүзеге асыратын ҚФФ мүшесі. Ол футболдың түрлі категорияларын (әйелдер, ерлер, балалар мен жасөспірімдер, футзал және т.б) ұсынатын жеке клубтарды өзіне қосады.
2. **ҚФФ** - «Қазақстанның Футбол Федерациясы» Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі
3. **FIFA** – Футбол Ассоциацияларының Халықаралық Федерациясы (ФИФА)
4. **UEFA** – Еуропалық Футбол Ассоциациялар Одағы.
5. **IFAB** – футбол ойынның ережелерін анықтап, өзгертетін Футбол Ассоциацияларының Халықаралық Кеңесі.
6. **футбол** – FIFA бақылайтын ойын ережесіне сәйкес ұйымдастырылатын ойын.
7. **футбол конфедерациясы** – FIFA-мен танылған бір құрылышта немесе бір жағрафиялық аймақтағы Ұлттық футбол Ассоциациялар тобы.
8. **Ұлттық футбол Ассоциациясы** – FIFA мүшесі болып табылатын футбол ассоциациясы.
9. **Ойын ережелері** - IFAB қабылдаған (бекіткен) футбол ойнаудың ережелері.
10. **Футбол клубы** – FIFA, UEFA, ҚФФ нормалар мен ережелерін сақтайтын, футбол бойынша FIFA, UEFA, ҚФФ өткізетін жарыстарға қатысатын заңды тұлға.
11. **Ойынши** – Ұлттық футбол Ассоциациясында ойынши ретінде тіркелген жеке тұлға.
12. **Футбол субъектілері** – Ассоциация, ҚФФ, ҚФФ мүшелері, аймақтық және жергілікті футбол Ассоциациялары, футбол клубтары, футбол спорттық ғимараттар мен спорттық мектептер, ойыншылар, матч инспекторлар мен делегаттар, футбол бойынша төрешілер, матчтар мен ойыншылардың агенттері, жаттықтыруышлар, жанкүйерлер (көрермендер) және олардың бірлестіктері, сондай-ақ Казақстан Республикасының территориясында футболмен байланысты қызмет атқаратын басқа да тұлғалар.
13. **Конференция** – Кезекті және Кезексіз Конференция түрінде өткізілетін Ассоциация басқарудың жоғарғы органды. Өкілетті төртжылдық мерзім өткеннен кейін сайлау мақсатында өткізілетін Конференция Сайлау Конференциясы деп аталады.
14. **Атқарушы комитет** - ассоциация басқармасының алқалық атқарушы органды.
15. **Төраға** – Ассоциацияның жоғарғы лауазымдық тұлға.
16. **Тексеріс комиссиясы** – Ассоциация басқарудың органды.
17. **Ассоциацияның заңды орындары, Ассоциацияның тұрақты және арнайы Комитеттері** – Ассоциацияның ішкі бөлімі.
18. **ҚФФ құрылтайшылық құжаттары** – Ассоциацияның Жарғысы.

Осы Жарғыда қолданылған жеке тұлғаларға қатысты термидер жекеше және көпше түрінде қолданылуы мүмкін.

1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 16 қаңтардағы № 142-II «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Занына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілеріне сәйкес құрылған, Ассоциация

қызметінің құқықтық дәрежесін, мақсаттарын, өкілеттігін және негізгі принциптерін анықтайды.

1.2. Ассоциацияның ресми атауы:

1.2.1 толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Қарағанды облыстық футбол Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі;

орыс тілінде: Объединение юридических лиц «Карагандинская областная Ассоциация футбола»;

ағылшын тілінде: Association off Legal Entities «Karaganda Regional Association off football»

1.2.2 Қысқартылған атауы

мемлекеттік тілде: «Қауымдастыры» ЗТБ

орыс тілінде: ОЮЛ «Ассоциация»

ағылшын тілінде: ALE «Association»

1.3. Ассоциацияның мекен-жайы: 1000001 Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Казахстанская көшесі, 1.

1.4. Ассоциацияның ресми тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болып табылады. Сонымен қатар қазақ тілімен қатар орыс тілі де қолданылады.

2. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1 . Ассоциация Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. Өзінің қызметінде Ассоциация Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 16 қаңтардағы № 142-II «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2.2. Ассоциация FIFA және UEFA мүшесі болып табылатын Қазақстанның Футбол Федерациясының мүшесі болып келеді.

Ассоциация, Ассоциация мүшелері, Ассоциацияның лауазымдық тұлғалар, футбол клубтары мен ойыншылар, басқа да жеке тұлғалар ҚФФ футбол бойынша жарыстарында:

2.2.1. FIFA, UEFA, ҚФФ жарғылар, ережелер, директивтер мен шешімдердің талаптарын сақтауға;

2.2.2. FIFA, UEFA, ҚФФ жарғыларының ережелеріне сәйкес Лозанн қаласындағы (Швейцария) спорт істері жөнінде төрелік сottы мойындауға:

2.2.3. Қазақстан Республикасының Заңнамасымен тыйым салынбаған жағдайда Осы Жарғыны немесе ҚФФ ережелерді пайдалану жөніндегі барлық ішкі келіспеушілікті соңғы сатысы Қазақстан Футбол Федерациясына тәуелсіз, әділ аралық сотына қарастыру үшін жіберуге міндетті.

2.2.4. Ассоциация заңды тұлға құқығына әділет органдарында мемлекеттік тіркеу кезінен бастап ие бола алады.

2.3. Ассоциация өз қызметін бірауыздық, бірдей құқықтық, еріктілік және демократия принциптер негізінде жүзеге асырып, коммерциялық емес, тәуелсіз, өзі өзі басқаратын мекеме болып табылады. Ассоциация саясат пен дін мәселелеріне бейтарап. Пайда табу - Ассоциацияның негізгі мақсаты емес. Ассоциация қызметінен түсken барлық табыстар жарғы мақсаттырын орындалуына бағытталады.

2.4. Ассоциация қызметінде қандай да әлеуметтік, лауазымдық, мұліктік жағдайға, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тілі мен дініне, мекен жайына және басқа да жағдайына қатысты құқықтық шектеулерге тыйым салынады. Кез келген құқықтық шектеу пайда болған жағдай Ассоциация мүшелігін тоқтатуға немесе мұлдем шығарылуға апарады.

2.5. Ассоциация қызметінің мерзімі шексіз.

3. ҚЫЗМЕТИНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

3.1. Ассоциация қызметінің мәні болып Қарағанды облысының аумағында футболды дамыту және кеңінен тарату болып табылады.

3.2. Ассоциация мақсаттарына:

3.2.1. жеке құзыретті мүше ретінде Қарағанды облысында футболды басқарудың тұтас жүйесін құру;

3.2.2. Қарағанды облысында футболды оның барлық түрлерінде насиҳаттау және дамыту;

3.2.3. FIFA.UEFA, ҚФФ және Ұлттық футбол Ассоциациялармен ресми және достық қарым-қатынастарды бекіту;

3.2.4. FIFA.UEFA, ҚФФ жарғылар талаптарын, олардың өкілетті органдарының қабылдаған (бекіткен) ережелерді, директивтерді, шешімдерді, сонымен қатар IFAB қабылдаған футбол ойынының ережелерін сақтау;

3.2.5. Ассоциация мүшелерінің құқықтар мен заңды мүдделерін қорғау;

3.2.6. Қарағанды облысында футбол дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттар;

3.2. Жоғарыда көрсетілген жарғы мақсаттарына жету мақсатында Ассоциация қызметінің мәні болып келесі қызмет түрлері табылады:

3.3.1. Ассоциация мүшелерінің бірлескен қызметін үйлестіру;

3.3.2. футбол бойынша жарыстарды ұйымдастыру;

3.3.3. Облыстық футболдың материалдық-техникалық базасын дамыту;

3.3.4. Қарағанды облысында қазақстандық футболдың мәртебесін көтеріп, позицияларын бекіту;

3.3.5. футболдың барлық түрлерінен матчтарды өткізудің бекітілген талаптар сақтауын қамтамасыз ету;

3.3.6. футболдың барлық түрлерінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының территориясында Ассоциация өткізетін серікtestтік матчтар өткізуін бақылау;

3.3.7. дені сау жас үрпак тәрбиелеуде жастар мен балалар-жасөспірімдер ұйымдарына көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;

3.3.8. допингке қарсы талаптарды орындау және спорттық, футболдық іс-шараларды өткізу қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуын қамтамасыз ету.

3.3.9. футбол бойынша матчтарына инспекциялау мен төрешілікті ұйымдастыру;

3.3.10. футбол бойынша мамандардың біліктілігін жоғарылату бойынша семинарлар мен басқа іс-шаралар ұйымдастыру;

3.3.11. футбол дамуының отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу және жинақтау;

3.3.12. бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіптік және әуесқой футбол ойынын насиҳаттауын іске асыру;

3.3.13. футбол жанкүйерлер мен олардың бірлестіктерімен жұмысы жөнінде іс-шаралар өткізу;

3.3.14. футбол мәселелері бойынша әдістемелік, ақпараттық материалдарды дайындалап, шығару;

3.3.15. футболды әйгілеуге бағытталған көрмелер, семинарлар, конференциялар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру;

3.3.16. FIFA, UEFA, ҚФФ жарғылар мен Осы жарғыға сәйкес футбол бойынша матчарды теле және радио эфирге шығару құқығы мен өкілеттігін іске асыру;

3.3.17. қайырымдылық қызмет пен жарғы мақсаттарына бағытталған гуманитарлық және техникалық көмек көрсету;

3.3.18. жарғы мақсаттарына бағытталған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмайтын қызмет;

3.4. жарғы мақсаттарына жету үшін Ассоциация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы, өйткені бұл оның жарғы мақсаттарына сәйкес келеді. Кәсіпкерлік қызметтен түсken табыс Ассоциация мүшелері арасында болінбей, жарғы мақсаттарына жұмсалады.

4. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕР

4.1. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көрсетілген тәртіпке және Осы Жарғыға сәйкес Ассоциация өзінің атынан және оның тапсырысы бойынша әрекет ететін, оның мекен-жайында орналаспаған, заңды тұлға болып табылмайтын филиалдар мен өкілеттіктерді құруға және жоюға құқылы. Ассоциация өкілеттіктер мен филиалдар басшылары Конференцияда тағайындалып, Осы Жарғыға және филиалдар мен өкілеттіктер туралы ережелерге сәйкес сенімхаттар негізінде Ассоциация атынан немесе тапсырысы бойынша қызмет атқара алады.

5. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1. Ассоциация және оның мүшелері адалдық, әділ ойынның принциптеріне сәйкес жарыстасқа деген әділдікпен, құрметпен қарau принциптерін сақтайды

5.2. Ассоциация Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген коммерциялық емес мекемелер үшін барлық құқықтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының тыйымсыз қызмет атқару үшін барлық құқықтарға ие.

5.3. Ассоциация:

5.3.1. заңнамада бекітілген тәртіпке сәйкес Қазақстан мен шет елдің банк мекемелерінде есеп шотын ашуға;

5.3.2. мемлекеттік және орыс тілінде толық атауы жазылған мөрлер, штамптар мен бланктарды, сондай-ақ бекітілген тәртіппен бекітілген нысандарды ұстауға;

5.3.3. оқшауландырылған мүлкік пен дербес теңгерімді ұстауға;

5.3.4. мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алып, жүзеге асыруға;

5.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғаларды құрып, өзінің филиалдары мен өкілеттіктерін ашуға;

5.3.6. ассоциациялар мен одактарға сонымен қатар халықаралық одактарына кіруге және олардың қызметтеріне қатысуға;

5.3.7. өзінің қызметі туралы ақпаратты таратып, жарғылық мақсаттарды насиҳаттауға;

5.3.8. футбол бойынша жарыстар мен спорттық-бұқаралық іс-шараларды оның ішінде халықаралық деңгейде, ҚФФ матчтар құнтізбесін есепке ала отырып, ұйымдастыруға және өткізуғе;

5.3.9. өз қаражатын радио мен теледидардан басқа бұқаралық ақпаратқа жариялауға;

5.3.10 өзінің қатысушыларына сыйлықтар, сыйақылар, стипендиялар мен басқа марапаттауларды бекітуге;

5.3.11. ойыншыларды, жаттықтыруышыларды және футбол бойынша басқа да мамандарды оқытып, дайындауды ұйымдастыруға;

5.3.12. комитеттер құруға;

5.3.13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпке сәйкес заңды тұлға құқығына ие бола алатын шаруашылық жүргізуши субъектілерді бекітуге;

5.3.14. табыстарды жарғылық мақсаттарға іске асыруға жұмсауға;

5.3.15. сотта арызданушы мен жауапкер болуға;

5.3.16. Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмейтін басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5.4. Ассоциация:

5.4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасының және Осы Жарғының талаптарын сақтауға;

5.4.2. бекітілген тәртіпке сәйкес бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеууге;

5.4.3. өз міндеттері бойынша өзінің барлық мүлігімен жауап беруге;

5.4.4. IFAB қабылдаған футбол ойынның ережелерін сақтауға;

5.4.5. мемлекеттік органдар мен халықаралық үйымдарға бекітілген мерзімде және бекітілген түрі бойынша есеп пен ақпарат ұсынуға;

5.4.6. Ассоциация мүшелері, футбол клубтары, футбол ойыншылар мен басқа субъектілер арасындағы келіспеушілік жағдайларды мүмкіндігінше шешуге;

5.4.7. Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылуға міндетті;

5.5. FIFA, ҚФФ мүшесі болып келмейтін немесе FIFA ҚФФ макулдауысыз футбол Конфедерацияларының уақытша мүшесі болған футбол Ассоциациялармен спорттық келісім шарттар мен матчтар өткізуден бас тартады.

6. АССОЦИАЦИЯНЫҢ МҰЛҚЫ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТЫ

6.1. Ассоциация меншігінде Осы Жарғыда көрсетілген қызметті материалдық қамтамасыз етуге қажетті мұлікке ие бола алады. Бірлестік мұлігін оның балансында тұрган Ассоциацияның меншігі болып табылатын материалдық құндалықтар мен қаржылық ресурстары құрайды.

6.2. Ассоциация мұлігінің пайда болу көздеріне:

6.2.1. Ассоциация мүшелерінің кіру жарналары;

6.2.2. Ассоциация үйымдастыратын футбол бойынша жарыстарға қатысатын футбол клубтардың өтінім жарналары;

6.2.3. Ассоциация мүшелерінің мерзімді жарналары;

6.2.4. ерікті мұліктік жарналар, қайырымдылық, демеушілік және гуманитарлық көмек, сондай-ақ шетел ұйымдарынан;

6.2.5. заңнамамен анықталған жағдайларда тауарлардан, жұмыстардан, қызметтерден түскен табыстар;

6.2.6. дивидендтер (табыстар, акциялар, облигациялар, басқа да құнды құжаттар мен салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы (мұдде));

6.2.7. Ассоциацияның сыйлықтары мен басқа атрибуттарын сатудан түскен табыстар;

6.2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбайтын басқа да табыстары кіреді.

6.3. Қатысушылардың мерзімдік, өтінімдік және кіру жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін атқарушы комитеті бекітеді.

6.4. Қатысушылардың жарналары, бірлестікке түскен табыстар, сондай-ақ өзінің ақшасына сатып алынған мұлік Ассоциацияның меншігі болып табылады.

6.5. Қатысушылардың жарналары мен түскен табыстар есебінде Ассоциация келесі қорларды құрады:

- 1) Ассоциация дамуының;
- 2) Еңбекақы төлеудің;
- 3) Өкілеттік;
- 4) Қосалқы;
- 5) Қатысушылардың келісімімен басқа қорлар.

6.6. Жоғарыдағы қорлардың құрамы, мақсаты, мөлшері мен пайда болу мен жұмсалудың бағыттау тәртібін ассоциация бекітеді.

6.7. Заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес Ассоциация бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізеді.

7. МҰШЕЛІК

7.1. Ассоциация мүшелері болып футболдың барлық түрлерін насиҳаттаумен айналысадының заңды тұлғалар бола алады, оның ішінде:

7.1.1. футбол клубтары;

7.1.2. мамандырылған, білім футбол мекемелері (оның ішінде футбол академиялары);

7.1.3. футболмен байланысты қызмет атқаратын футбол төрешілердің, жаттықтырушылардың, ойыншылардың, жанкүйерлер мен басқа тұлғалардың ассоциациялары (бірлестіктері);

Ассоциация мүшелері Осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарды мойындауға, тұрақты түрде атқарушы комитет бекіткен тәртіп пен өлшеміне сәйкес мүшелік жарналарды төлеуге міндettі.

7.2. Ассоциация мүшелері спорттық түрде бағынуға міндettі, Ассоциациямен танылған болуы керек.

7.3. Ассоциация мүшелері өздерінің Ассоциациядағы мүшелігі жөнінде үшінші тұлғаларға тәуелсіз түрлі мәселелерге байланысты шешім қабылдауға міндettі. Осы тармақ мекеменің ішкі ұйымдастыру құлышына немесе ұйымдастыру-құқықтық формасына тәуелсіз колданады.

7.4. Жеке тұлға, заңды тұлға (филиалдар мен өкілеттіктерді есептегендеге) бір футбол клубын ғана қабылауға міндettі, ондай болмаган жағдайда бұл матчтардың немесе жарыстар тұрақтылығының, болмаса әділет ойын принциптерінің бұзылуына әкеп соктыруы мүмкін.

7.5. Ассоциация өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ассоциация мүшелері Ассоциацияның құрылтайшылық келісім шартта көрсетілген мөлшер мен тәртіпке сәйкес Ассоциация міндеттемелеріне субсидиялық жауапкершілікте.

7.6. Ассоциация мүшелігіне кіру туралы шешімді қабылдау атқарушы комитетінің құзыреті болып табылады.

7.7. Ассоциация мүшелігіне кіру туралы үміткерлерге Ассоциация хатшылығына келесі құжаттарды ұсыну қажет:

7.7.1. Ассоциация мүшелігіне кіру туралы өтініш;

7.7.2. Ассоциация мүшелігіне кіру туралы өкілетті басқару органының хаттамасы;

7.7.3. Нотариуспен куәландырылған құрылтайшылық құжаттар көшірмелері;

7.7.4. Нотариуспен куәландырылған статистикалық картаның, салық төлеушінің куәлігінің, заңды тұлға тіркеу туралы куәлігінің көшірмелері;

7.7.5. заңды тұлға атынан қол қою құқығы бар тұлғалар тізімі, оның ішінде үшінші тұлғалармен келісім шартқа отыру құқығы;

7.7.6. Олардың үәкілетті органдарымен, IFAB қабылданған (бекітілген) футбол ойынының ережелері, FIFA, UEFA, ҚФФ және Ассоциация жарғыларын, регламенттерін, дерективтерін және шешімдерін тану мен сақтау туралы міндеттемелер, және ұйым жарғысында берілген міндеттемелердің болуының кепілдігін қамтамасыз ету мен оны мүшелерімен, клубтарымен, ресми тұлғалармен және ойыншылармен танылу;

7.8. Жауапты хатшы атқарушы комитетке Ассоциация мүшелігіне кандидаттың толық құжаттар жинағын ұсынады. Атқарушы комитет ұсынылған құжаттарды зертегеннен кейін атқарушы комитеті кандидаттың Ассоциация мүшелігіне қабылдау туралы мәселені отырысытың күн тәртібіне енгізу немесе енгізбеуі туралы шешім қабылдайды.

7.9. Ассоциация мүшелері:

7.9.1. Ассоциация қызметі туралы ақпарат алуға;

7.9.2. Ассоциация органдарына сайлауға кандидатураларды ұсынуға;

7.9.3. Ассоциация қызметі жөнінде ұсыныстарды қосуға;

7.9.4. алдын ала Конференцияның күн тәртібі туралы ақпарат алуға және Конференция отырысына бекітілген мерзім шегінде шақырылуға;

7.9.5. осы Жарғыда ескерілген тәртіпке сәйкес Конференция отырыстарына қатысуға;

7.9.6. осы Конференция отырыстарында өздерінің дауыс беру құқығын пайдалануға;

7.9.7. осы Жарғымен анықталған жағдайларда кезектен тыс Конференция шақыртуды талап етуге;

7.9.8. қолданыстағы заңнама мен Осы Жарғыда ескерілген тәртіпке сәйкес Ассоциация құрамынан шығуға;

7.9.9. Ассоциация өткізетін футбол бойынша жарыстарға және басқа іс-шараларға қатысуға;

7.9.10. Осы Жарғыға сәйкес басқа құқықтарды іске асыруға құқылы:

7.10. Ассоциация мүшелері

7.10.1. Ассоциацияның құрылтайшылық құжаттардың, ережелердің, регламенттердің, шешімдер мен басқа құжаттардың талаптарын орындал, осы талаптарды басқа мүшелердің орындауын қамтамасыз етуге;

7.10.2. FIFA, UEFA, ҚФФ өкілетті органдары қабылдаған (бекіткен) жарғылардың талаптарын, регламенттерін, директивтерін, шешімдерін, IFAB қабылдаған футбол ойынның ережелерін орындал, басқа мүшелердің осы талаптарды орындауын қамтамасыз етуге;

7.10.3. Ассоциацияның жарғылық мақсаттарды және қызметтерді насиҳаттауға,

7.10.4. атқарушы комитетінің бекіткен тәртіп пен мөлшерге сәйкес мүшелік журналарды төлеуге;

7.10.5. төлеу күнінен бастап 5 (бес) күн ішінде Ассоциацияға жазбаша түрде құрылтайшылық құжаттарға, қол қою, оның ішінде үшінші тұлғалармен келісім шартқа отыру құқығы бар тұлғалар тізімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлауға;

7.10.6. аймақтағы барлық ресми матчтар (үйдегі матчтар) Қарағанды облысының территориясында өткізілетінін мойындауға, сондай-ақ барлық мүшелердің осы ережені орындауын қамтамасыз етуге;

7.10.7. әділдік, спорттық жүргіс-тұрысының, жарыстасқа деген құрметті қарым-қатынас пен әділ ойынның принциптерін сақтауға, сонымен қатар барлық мүшелердің осы ережені орындауын қамтамасыз етуге;

7.10.8. Ассоциация қабылдаған барлық шешімдерді жүзеге асыруға міндettі;

7.10.9. Осы Жарғы талаптарынан FIFA, UEFA, ҚФФ және Ассоциацияның регламенттерінен, директивтерінен, шешімдерінен шығатын басқа міндettемелерді орындауға;

7.10.10. Ассоциация мүшелері өздерінің міндettемелерін орындаған жағдайда Жарғыда көрсетілген ықпалшараларды қолдануға соқтырады;

7.11. Ассоциация мүшелігі келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

7.11.1. өз еркімен Ассоциация құрамынан шығу жағдайда;

7.11.2. осы Жарғыда анықталған тәртіп бойынша мүшені Ассоциация құрамынан шығарған жағдайда;

7.11.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретінде Ассоциация мүшесінің қызметі тоқтаган жағдайда;

7.12. Ассоциация мүшелері Ассоциация құрамынан өз еркімен қаржылық жыл аяқтағанға дейін үш айдан кешіктірмей атқарушы комитетінің қарастыруына жазбаша түрде өтініш пен үйым басқармасы өкілеттік органдарының Ассоциация құрамынан Ассоциация мүшесінің шығу ниеті туралы хаттаманы ұсынған жағдайда шығуға құқылы. Бұл жағдайда Ассоциация мүшесі оның Ассоциациядан шығуға дейін пайда болған міндettемелер бойынша шығудан бастап екі жылдық жарнамасына үйлесімді жәрдемшілік жауапкершілікке тартылады.

7.13. FIFA, UEFA, ҚФФ және Ассоциацияның өкілетті органдары қабылдаған (бекіткен) регламенттерін, директивтерін, шешімдерін бұзған немесе Ассоциацияның материалдық жағдайына немесе іскерлікabyroyына зиян келтірген жағдайда атқарушы комитет ондай мүшені ассоциация құрамынан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы. Ассоциацияның шыққан мүшенің жауапкершілігіне қатысты Ассоциациядан өз еркімен шығу ережелері қолданады (осы Жарғының «7.12» тармағы).

7.14. Ассоциация мүшесі өз міндettемелерін бұзған жағдайда атқарушы комитет оның мүшелігінің уақытша тоқтатылуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

7.15. Мүшеліктің қайта қалпына келтіру немесе уақытша тоқтатылуды жалғастыру мәселесі Атқарушы комитетінің келесі отырысында қарастырылуы тиіс.

Мүшелілігі уақытша тоқтатылған Ассоциация мүшесі барлық құқықтарынан айрылады. Ассоциацияның басқа мүшелері мүшелілігі уақытша тоқтатылған мүшемен спорттық карым-катаңасқа түсе алмайды. ҚФФ Атқарушы комитеті мүшелілігі уақытша тоқтатылған үйімға қатысты басқа да тәртіптік шаралар қолдануға құқылы.

7.16. Мүшеліктің уақытша тоқтатылуы туралы шешім құпиялық дауыс беру жолымен қабылданады.

7.17. Ассоциация өткізген жарыстарға бір жылға дейін қатыспаған Ассоциация мүшелелері атқарушы комитетінің шешіміне сәйкес Конференцияда дауыс беру құқығынан Ассоциация өткізген жарысқа қатысу бойынша міндеттемелерді орындағанша айрылады.

7.18. Ассоциация қызметі тоқтатылған жағдайда Ассоциацияның барлық мүшелердің мүшелілігі де тоқтатылады.

8.АССОЦИАЦИЯНЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

8.1. Ассоциацияның органдары:

8.1.1. басқарудың жоғарғы органы – Конференция;

8.1.2. басқарудың атқарушы органы – Атқарушы комитеті;

8.1.3. Ассоциация өкілі, жоғарғы лауазымдық тұлғасы – Төраға;

8.1.4. басқаруды бақылау органы - Тексеріс комиссиясы;

8.1.5. әкімшілік органы – Атқарушы директор;

8.1.6. тұрақты және арнайы комитеттер;

8.2. Ассоциацияның кез келген орган мүшесі өзіне қатысты мүдделер дауылы пайда болғанда, мәселелер мен шешімдерді қабылдауға бас тартуға міндетті;

8.3. Ассоциация органдаррының мүшелері тәуелсіз түрде үшінші тұлғалардың қатысуларысыз немесе ішкі әсер етусіз және осы Жарғыда анықталған шарттарға сәйкес сайланады немесе тағайындалады.

9.КОНФЕРЕНЦИЯ

9.1. Конференция атқарушы комитеті жыл сайын шақыратын Ассоциация басқарудың жоғарғы органы болып табылады. Конференция күнтізбелік жылдың алғашқы алты айларында өткізіледі. Конференция Кезекті және Кезектен тыс бола алады.

9.2. Кезекті Конференция отырысының орны мен күнін Атқарушы комитет өткізу күнінен 30 күн бұрын анықтайды.

9.3. Конференция жұмысын үйімдастыру жауапты хатшыға жүктеледі. Ассоциация мүшелерінің Кезекті Конференция күн тәртібіне енгізетін мәселелер мен ұсыныстары Конференция өткізу күнінен 20 күннен бұрын хатшылыққа жіберілуі тиіс.

9.4. Атқарушы комитеті бекіткен Кезекті Конференцияның күн тәртібі Ассоциация мүшелеріне Конференция өткізу күнінен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын жіберілуі тиіс.

9.5. Ассоциация мүшелері Конференцияға өзінің қатысуын немесе қатыспауды Конференция өткізу күнінен 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын делегат мәліметін (ТАЖ) жазып хатшылыққа жазбаша хабарлама жіберу арқылы растауга міндетті.

9.6. Кезекті Конференцияның күн тәртібіне міндетті түрде келесі мәселелерді енгізілу тиіс:

9.6.1. Төрағаның сәлемдесуі;

9.6.2. Конференцияның хаттамаларын тексеру үшін үш делегатты тағайындау;

9.6.3. Конференция уақытында дауыстарды есептеу үшін үш делегатты тағайындау;

9.6.4. күн тәртібін бекіту;

9.6.5. соңғы Конференцияның хаттамасын бекіту;

9.6.6. соңғы Конференция өткен күннен бастап мерзім ішіндегі Атқарушы комитеті мен Төрағаның қызметі туралы есепті бекіту;

9.6.7. тексеріс комиссияның есебін бекіту (тексеру мерзім ішіндегі қызметі туралы);

9.6.8. соңғы қаржылық жыл бойынша пайдалар мен залалдар туралы есеп ұсыну;

- 9.6.9. қаржылық есепті бекіту;
- 9.6.10. тәуелсіз аудитордың есебін алғып, қарастыру;
- 9.6.11. келесі қаржылық кезеңге бюджетті бекіту;
- 9.6.12. Атқарушы органдарының қаржылық есепті ұсынудың тәртібі мен ағымдылығын, сондай-ақ Тексеріс комиссиясының тексеріс өткізу тәртібін анықтау және нәтижелерін бекіту (қажет болған жағдайда);
- 9.6.13. Ассоциацияның құрылтайшылық құжаттарына өзгертулер мен қосымшаларды енгізу ұсыныстарын қарастыру (қажет болған жағдайда);
- 9.6.14. Ассоциация мен Атқарушы комитетінің ұсыныстарын қарастыру (қажет болған жағдайда);
- 9.6.15. Атқарушы комитет мүшелерінің, Тексеріс комиссиясының және Төраганың сайлауы мен өкілеттілігін тоқтату (қажет болған жағдайда);
- 9.6.16. Ассоциация органдар қызметінің тоқтатылуы (қажет болған жағдайда);
- 9.6.17. Ассоциация органдар мүшелерінің өкілеттілігін тағайындау немесе тоқтату (қажет болған жағдайда);
- 9.6.18. Атқарушы комитетінің ұсынысымен тәуелсіз аудитордың өкілеттілігін тағайындау немесе тоқтату (қажет болған жағдайда);
- 9.6.19. Атқарушы комитетінің ұсынған басқа қосымша тармактар (қажет болған жағдайда);
- 9.7. Конференция тек ғана күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешім қабылдайды. Кезекті Конференцияның жұмыс уақытында оның күн тәртібіне жаңа мәселелер Конференцияға қатысып отырған Ассоциация мүшелерінің дауыстарынан $\frac{3}{4}$ (үштен төрт бөлігі) қолдауымен енгізіледі.
- 9.8. Конференцияға басшылық ететін Төрага. Ол жоқ болған немесе қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда осы Жарғының «12.6» тармағы қолданылады. Егер Төрага немесе Төраганың Орынбасары жоқ болып, бұл міндеттемені атқара алмаған жағдайда Конференцияда Конференция делегаттармен осы Жарғының «9.13.» тармағына сәйкес сайланған Атқарушы Комитетінің ішіндегі тұлғалардың біреуі басшылық етеді.
- 9.9. Конференция отырыстарында Атқарушы комитеті мүшелерінің дауыс беру құқығы жоқ.
- 9.10. Конференцияның біліктілігіне:
- 9.10.1. Ассоциацияның құрылтайшылық құжаттарына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;
- 9.10.2. Ассоциацияның өз еркімен қайта құру немесе жойылу туралы шешім қабылдау;
- 9.10.3. Төраға өкілеттілігін сайлау және тоқтату;
- 9.10.4. Атқарушы комитетінің белгілі бір мүшесінің немесе барлық мүшелерінің өкілеттілігін сайлау және тоқтату;
- 9.10.5. Тексеріс комиссиясының белгілі бір мүшесінің немесе барлық мүшелерінің өкілеттілігін сайлау және тоқтату;
- 9.10.6. Ассоциацияның басқару органдарының біліктілігін, ұйымдастыру құрылымын, өкілеттілігін қалыптастыру жіне тоқтату тәртібін анықтау;
- 9.10.7. Заңнама актілерінде анықталған шегінде Ассоциацияның басқа заңды тұлғалардың, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілеттіктер қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 9.10.8. қаржылық есеп пен бюджетті бекіту;
- 9.10.9. осы Жарғының ережелеріне сәйкес Конференцияда бекіту үшін Атқарушы комитет пен Ассоциация мүшелерінің ұсынған мәселелер жөнінде шешім қабылдау;
- 9.11. Конференция құзыретіне қатысты мәселелер Ассоциацияның басқа органдар қарастыруына берілмейді.
- 9.12. сайлау құпиялық дауыс беру арқылы өткізіледі. Егер үміткерлер саны вакансия орындарының санымен бірдей болса, Конференция сайлауды басқаша өткізу туралы шешім қабылдай алады;
- 9.13. сайлау кезінде бірінші турда көпшілік дауыспен сайланған тұлға болып табылады (дауыстардың жартысына бір дауыс қосқанда). Бірінші турда жеңімпаз анықталмаса, екінші

тур өткізіліп, сонда көпишлік дауыс берген тұлға сайланады. Екінші турда дауыстар саны бірдей болған жағдайда, женімпаз жауапты хатшы өткізетін жеребе салу арқылы анықталады.

9.14. Төраға, Төраганың орынбасары және Ассоциация Атқарушы комитетінің мүшелері күпиялышқа дауыс беру арқылы откізіледі, бірақ дауыс бір біріне берілмейді. Ассоциация төрағасы бірінші турда Ассоциация мүшелерінің 2/3 дауыс беру арқылы сайланады. Келесі турларда қажет болған жағдайда дауыстардың көбі керек болады. Егер сайлауға екіден көп кандидаттар қатысса, онда сайлаудың екінші турынан бастап нәтиже бойынша ең аз дауысқа ие болған кандидат сайлаудан шығады, екі кандидат қалғанша сайлау осылай жүргізіледі.

9.15. Өкілеттіктің аяқталуына байланысты пайда болған вакансияға сайланған Атқарушы комитетінің мүшесі немесе Тексеріс комиссиясының өкілеттілік мерзімі оның келесі Сайлау Конференцияға дейінгі өкілеттік аяқталу мерзімімен анықталады.

9.16. Осы Жарғының «9.10.1», «9.10.2.», «9.10.9» тармақшаларында анықталған Конференция шешімдері Ассоциацияның қатысып отырған мүшелердің $\frac{3}{4}$ дауыспен қабылданады. Конференцияның басқа шешімдері Ассоциация қатысып отырған мүшелерінің көшилік дауыспен қабылданады.

9.17. Төраға Төраганың орынбасары кандидатурасын ұсынады. Конференцияға қатысып отырған Ассоциация мүшелерінің ұсыныстарымен бұл тізімге Төраға орынбасары лауазымына қосымша кандидатуралар қосылуы мүмкін. Төраға Конференцияға қатысып отырған Ассоциация мүшелерінің ұсынған кандидатураларды қабылдамауга құқылы. Бұл жағдайда дауыс беруге тізіміне кандидаттарды енгізу мәселесі Ассоциация мүшелерінің дауыс беру арқылы шешіледі.

9.18. Конференцияның күн тәртібіндегі басқа мәселелері жөнінде дауыс беруі анық түрде кол көтеру немесе мандат арқылы жүргізіледі.

9.19. Конференцияға қатысып отырған Ассоциация мүшелерінің көбі белгілі бір мәселені құпиялышқа түрде дауыс беріп шешүге деген ниетін білдірсе, дауыс беру құпиялық түрде өту керек.

9.20. Конференция отырысы құқықты болып ҚФФ мүшелерінің $\frac{3}{4}$ бөлігі қатысса ғана есептелінеді.

9.21. Жиналым жоқ болған жағдайда Конференция отырысы, сондай-ақ Кезектен тыс отырысы жоспарланған отырыс уақытынан 24 (жиырма төрт)сағатқа ауыстырылуы мүмкін, ол сол мекенде сол күн тәртібіне сәйкес өткізілуі тиіс.

9.22. Конференцияның қайталау отырысы үшін жиналымның қажеті жоқ, күн тәртібіне Ассоциацияның құрылтайшылық құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу, Төраганың, Атқарушы комитет мүшелерінің, Тексеріс комиссиясының өкілеттілігінің тоқтату және сайлау немесе Ассоциацияның өз еркімен қайта құру немесе жойылу туралы шешім қабылдау жағдайларды есепке алмағанда.

9.23. Конференция шешімдері Төраға мен жауапты хатшының қолдары қойылып, хаттама түрінде өндөледі.

9.24. Ассоциацияның әрбір мүшесінің Конференцияда бір дауысы бар. Дауысты Ассоциацияның тек қатысып отырған мүше бере алады (сенімхат негізінде немесе басқа түрінде дауыс беруге болмайды).

9.25. Ассоциацияның әрбір мүшесі хатшылыққа Сайлау Конференцияның өтетін күннен 20 (жиырма күн) бұрын сайлау үшін өзінің кандидаттар тізімін ұсына алады.

9.26. Ассоциацияның өз мүшелеріне жүктеген міндеттерін атқарғандары үшін сыйақы төлеуге құқығы жоқ, тікелей Конференция жұмысына қатысуға байланысты шығындар болмаса.

9.27. Конференция қабылдаған шешімдер егер Конференция басқа күнді белгілемесе, қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

9.28. Конференция өткізудің ережелері Конференцияның басқа бөлімдерін реттей алады. Бұл ережелер Конференцияда бекітіледі.

10. КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯ

10.1. Кезектен тыс Конференция Атқарушы комитетінің бастамасымен немесе Ассоциация мүшелерінің 1/3 (бірден үш бөлігі) талабы бойынша шақырылуы мүмкін. Бұл талапта күн тәртібіне кіретін мәселелер көрсетілуі тиіс. Атқарушы комитет Кезектен тыс Конференцияны шешім қабылдаған немесе Ассоциация мүшелерінің шақыру туралы талап қойған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыру керек. Егер Ассоциация мүшелерінің талап еткен Кезектен тыс Конференция Атқарушы Комитетімен көрсетілген мерзім ішінде шақырылмаса, Ассоциация мүшелері Кезектен тыс Конференцияны өз бетімен өткізе алады.

10.2. Кезектен тыс Конференция өткізу туралы хабарламаны хатшы Ассоциация мүшелеріне оның өткізу күнінен бастап 10(он) күннен кешіктірмей, онда өткізген күні, мекені, уақыты мен күн тәртібі көрсетілу керек.

10.3. Кезектен тыс Конференция күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Кезектен тыс Конференцияның күн тәртібі өзгертулмайды.

11. АТҚАРУШЫ КОМИТЕТ

11.1. Атқарушы Комитет Ассоциация басқарудың алқалық атқарушы органды болып табылады.

11.2. Атқарушы Комитет құрамына Төраға, Төраға орынбасары және мүшелер кіреді. Атқарушы Комитетінің мүшелері Конференцияда Төраға немесе Ассоциация мүшесінің ұсынысымен 4 (төрт) жылға сайланады. Атқарушы Комитетінің барлық мүшелері қайтадан сайлануға құқылы. Атқарушы Комитет Төрағаның ұсынысымен Төраға орынбасары мен атқарушы директорды мүшелер катарынан Сайлау Конференциядан кейін алғашқы жалпы отырысында (4)төрт жылға сайлады.

11.3. Атқарушы Комитетінің мүшесі болып ресми лауазымда екі жылдан кем емес жұмыс тәжіибесі бар Қазақстан Республикасының әрекетті азаматтары сайланады.

11.4. Атқарушы Комитетінің отырыстары 6(алты) айда бір рет өткізілуге тиісті. Атқарушы Комитетінің кез келген мүшесінің бастамасымен Төраға Атқарушы Комитетінің Кезектен тыс отырысты шақыртады. Атқарушы Комитетінің отырысына күн тәртібін Төраға қалыптастырады.

11.5. Атқарушы Комитетінің отырысы құқылы болып онда мүшелердің жартысынан көбі қатысқан жағдайда есептелінеді. Атқарушы Комитетінің шешімдері отырыска қатысқан Атқарушы Комитетінің мүшелерінің дауыс көпшілігімен қабылданады.

11.6. Атқарушы Комитет жабыс отырыс ретінде өткізіледі. Атқарушы Комитет отырыска дауыс құқығы жоқ үшінші тұлғаларды шақыруға құқылы.

11.7. Атқарушы Комитетінің отырыстарында Төраға басшылық етеді.

11.8. Атқарушы Комитет мүшелер дауыстарының тепе-тендігі болған жағдайда Төраға шешуші дауыс беруге құқылы.

11.9. Атқарушы Комитет Конференция немесе Ассоциацияның басқа органдының құқылық немесе басқа, заңмен бекітілген құзыретіне жатпайтын мәселелері жөнінде шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:

11.9.1. Ассоциация құрамына жаңа мүшелердің кіру мен Ассоциация құрамынан мүшелердің шығуы туралы шешім қабылдау;

11.9.2. мүшелік журнالар мөлшерін және төлеу тәртібін бекіту;

11.9.3. Кезекті және Кезектен тыс Конференция шақыру және Кезекті Конференцияның бастапқы күн тәртібін немесе Кезектен тыс Конференцияның соңғы күн тәртібін бекіту;

11.9.4. Конференция шешімдерін орындауын бакылау;

11.9.5. Осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс қарастыру және оларды Конференция қарастыруына шығару;

- 11.9.6. Ассоциация мүшесінің мүшелігін келесі Конференцияга дейін уақытша тоқтату және уақытша тоқтатуды болдырмау;
- 11.9.7. Төрағаның ұсынысымен Ассоциацияның тұракты Комитеттер жетекшілерін Атқарушы комитет пен Ассоциацияның тұракты Комитеттер құрамынан бекіту;
- 11.9.8. Төрағаның ұсынысымен Ассоциацияның арнайы Комитеттерді құру және олардың мүшелер құрамын бекіту;
- 11.9.9. Төраға орынбасарының өкілеттігін сайлау және тоқтату;
- 11.9.10. Жауапты хатшының өкілеттігін сайлау және тоқтату;
- 11.9.11. Ассоциацияның филиалдары мен өкілеттіктер жетекшілердің өкілеттігін сайлау және тоқтату;
- 11.9.12. Ассоциацияның ағымдағы қызметін анықтайтын ұйымдастыру ережелерді құру және бекіту, онын ішінде Осы Жарғыда көрсетілмеген жағдайда Төрағаның, Төраға Орынбасарының, Атқарушы директордың, жауапты хатшының қол қою құқығы;
- 11.9.13. Ассоциацияның Регламенттер мен Ережелерін бекіту;
- 11.9.14. Ассоциацияның футбол бойынша өткіzetін жарыстардың орны мен мерзімін, сондай-ақ сол жарыстарға қатысадын футбол клубтар санын анықтау;
- 11.9.15. Ассоциацияның рэміздерін және басқа белгілерін бекіту;
- 11.9.16. Төраға ұсынысымен Конференцияға жоғарғы спорттық жетістіктері мен футболға қосқан үлестері үшін «Қарағанды облыстық футбол Ассоциациясының құрметті қайраткері» атағына үміткерлерді ұсыну;
- 11.9.17. ҚФФ органдарына сайлану үшін Ассоциация атынан үміткерлерді ұсыну;
- 11.9.18. Атқарушы Комитеті қабылдаған Ережелерді, Регламенттерді басқа да актілерді ресми түрде түсіндіру;
- 11.9.19. Ассоциацияның ұйымдастыру құрылымы мен штаттық тізімін бекіту;
- 11.9.20. Атқарушы Комитет өз мүшесін немесе Тексеріс комиссия мүшесін келесі Конференцияға дейін міндеттерін бұзғаны үшін, сондай-ақ Осы Жарғыға және Ассоциация шешімдеріне, ҚФФ жарғылар мен шешімдеріне қайшылық келтірген іс-әрекет жасағаны үшін шығаруға құқылы. Атқарушы Комитет немесе Тексеріс комиссия мүшесін шығару туралы соңғы шешімді Конференция өзінің келесі отырысында қабылдайды;
- 11.9.21. Атқарушы Комитетінің мүшесі өз еркімен жазбаша өтініш негізінде Атқарушы Комитетінің құрамынан шығуға құқылы;
- 11.9.22. Атқарушы Комитетінің шешімдері хаттама турде өндөліп, отырыстың Төрағасы мен жауапты хатшысы қол қояды. Хаттаманың көшірмесі Атқарушы Комитетінің кез келген мүшесінің талабы бойынша оған жіберілуге тиіс;
- 11.9.23. Атқарушы Комитет осы Жарғыда көрсетілмеген кез келген мәселелер бойынша, сондай-ақ форс-мажор жағдайда да шешімдерді қабылдайды;
- 11.9.24. Атқарушы Комитетінің шешімдері Атқарушы Комитет басқа күнді белгілемеген жағдайда қабылданған күндерден бастап күшіне енеді.

12. ТӨРАҒА

- 12.1. Төраға заң негізінде Ассоциацияның атынан қол қою құқығы бар жоғарғы лауазымдық тұлға ретінде өкілі болып табылады. Төраға Конференция кезінде 4 (төрт) жылға одан әрі қайтадан сайлану құқығымен сайланады.
- 12.2. Төраға қызметіне үміткерлерді Ассоциация мүшелері ұсынады. Төраға қызметіне үміткерлер туралы барлық ұсыныстар Ассоциация хатшылығына жазбаша түрде Төраға сайлау Конференцияның өткіzetін күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жіберілуі керек.
- 12.3. Төраға Ассоциация қызметін басқарып, мемлекеттік органдарда, халықаралық және басқа да ұйымдарда Ассоциацияның өкілі болып табылады.
- 12.4. Төраға өз міндеттерін осы Жарғы мен ұйымдастыру ережелеріне сәйкес орындаиды.
- 12.5. Төраға:

- 12.5.1. Ассоциация қызметінің маңызды мәселелері бойынша Төраға жоқ болғанда лауазымдық тұлғалардың бірігіп қол қоюдың ішкі үйымдастыру ережелерін бекітеді.
- 12.5.2. Ассоциация атынан сенімхатсыз Ассоциация мұддесін Қазақстан Республикасының территориясында, сондай-ақ шет елде де үшінші тұлғалармен карым-қатынаста коргайды.
- 12.5.3. Атқарушы Комитеті мен Төтенше комитетінің отырысына соңғы күн тәртібін әзірлейді.
- 12.5.4. Атқарушы Комитеті мен Тессеріс комиссиясының мүшесіне үміткерлерді Конференцияның бекітуіне ұсынады.
- 12.5.5. Атқарушы Комитетінің бекітуіне Төраға Орынбасарының, Атқарушы директор мен жауапты хатшының лауазымына үміткерлерді ұсынады.
- 12.5.6. Атқарушы Комитетінің бекітуіне Ассоциацияның тұрақты, арнайы комитеті мен заңды органдарының мүшелеріне үміткерлерді ұсынады.
- 12.5.7. Ассоциация мұддесін қорғау құқығына сенімхат береді.
- 12.5.8. Төраға жоқ болып, немесе осы Жарғы бойынша өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда оның міндеттерін Төрағаның Орынбасары атқарады. Төрағаның Орынбасары жоқ болып, немесе өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін Атқарушы директор атқарады.
- 12.5.9. Төраға (Кезекті және Кезектен тыс) Конференция мен Атқарушы Комитетінің отырыстарында басшылық етеді. Төраға мен Төрағаның Орынбасары Ассоциацияның барлық тұрақты және арнайы Комитеттердің отырыстарында кеңес дауыс беру құқығымен қатысуға құқылы.
- 12.6. Төраға немесе осы Жарғының «12.6» тармағына сәйкес оның орынындағы тұлғалар Атқарушы және Төтенше Комитеттерінің отырыстарында дауыс тепе-тәндігі болғанда дауыс беруге құқылы.

13.ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

- 13.1. Жауапты хатшы Төрағаның ұсынысымен Атқарушы Комитетімен сайланып, әкімшілік қызмет атқаратын Ассоциацияның лауазымдық тұлғасы болып табылады.
- 13.2. Жауапты хатшы өз міндеттерін шарт негізінде енбек шартына сәйкес орындаиды.
- 13.3. Осы Жарғы мен Ассоциацияның үйымдастыру ережелеріне сәйкес жауапты хатшының міндеттеріне келесі міндеттер жатады:
- 13.3.1. Ассоциация хатшылығының қызметін үйымдастырып, оның жұмысын басшылыққа алу;
- 13.3.2. Ассоциацияның тұрақты және арнайы Комитеттер қызметін үйлестіру;
